

Кәсіпорындар статистикасы мен конъюнктуралық зерттеулер бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қаңтарда № 19947 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 36) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 12.06.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) Алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 07.06.2023 № 2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) Алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 07.06.2023 № 2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған

статистика бюросы Басшысының 12.06.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 12.06.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21) "Кәсіпорындардың қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы" (индексі КО-6, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес;

22) "Кәсіпорындардың қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы" (индексі КО-6, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.06.2023 № 2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2024 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 дейін қолданылады) бұйрықтарымен.

2. "Кәсіпорындар статистикасы мен конъюнктуралық зерттеулер бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 6 қарашадағы № 157 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16000 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2017 жылғы 28 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтардағы
№ 8 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 07.06.2023 № 2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтардағы
№ 8 бұйрығына
2-қосымша

"Жаңа кәсіпорындарға сауал салу" (индексі 1-НП, кезенділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 07.06.2023 № 2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына 3-қосымша



Мемлекеттік статистика органдары
құпиялылығына кепілдік береді
Confidentiality is guaranteed by the organs of
state statistics
Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың
статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного
статистического наблюдения

Приложение 3 к приказу
Председателя Комитета по
статистике Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан от 23
января 2020 года № 8

Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп
Отчет о видах экономической деятельности

Жылына Есепті
бір рет кезең

Индексі 1-СР

қаңтар-қыркүйек

□ □ □ жыл

Индекс

Один раз в Отчетный январь-сентябрь
год период

год

Ағымдағы жылдың 1-3 тоқсанында "Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп" (индексі 2-МП) статистикалық нысанын тапсырғандарды, сондай-ақ есептік кезеңде тіркелгендерді қоспағанда, қызметкерлерінің саны 100 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар ұсынады

Представляют юридические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью с численностью работников не более 100 человек, за исключением, представивших статистическую форму "Отчет о деятельности малого предприятия" (индекс 2-МП) в 1-3 квартале текущего года, а также зарегистрированных в отчетном периоде

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 31 қазанға (қоса алғанда) дейін

Срок представления – до 31 октября (включительно) после отчетного периода

БСН коды

код БИН

1. Есепті кезеңдегі қызметкерлердің орташа алғандағы тізімдік санын көрсетіңіз, адам

Укажите списочную численность работников в среднем за отчетный период, человек

2. Сіздің кәсіпорныңыз есепті кезеңде қандай да бір экономикалық қызмет түрін жүзеге асырды ма (яғни өнім өндіруді, тауарларды өткізуді, қызметтер көрсетуді және басқасын жүзеге асырды ма) (" " белгісімен белгіленеді)

В отчетном периоде осуществляло ли Ваше предприятие какую-либо экономическую деятельность (то есть, осуществляло производство продукции, реализацию товаров, оказание услуг и другое) (отмечается знаком " ")

| | | | |
|-----------------------------------|--------------------------|---|--------------------------|
| 2.1 жүзеге асырды осуществляло | <input type="checkbox"/> | 2.2 жүзеге асырған жоқ не осуществляло | <input type="checkbox"/> |
|-----------------------------------|--------------------------|---|--------------------------|

Егер Сіз 2.1-тармақты толтырсаңыз, онда 3-тармаққа көшіңіз

Если Вы заполнили пункт 2.1, то переходите к пункту 3

3. Егер Сіздің кәсіпорныңыз қандай да бір экономикалық қызмет түрін (тауарлар өндіру (өткізу) және (немесе) қызметтер көрсетуді) жүзеге асырған болса, онда кестені толтырыңыз

Если Ваше предприятие осуществляло какую-либо экономическую деятельность (производство (реализацию) товаров и (или) оказание услуг), то заполните таблицу

| Р/с № № п/п | Экономикалық қызмет түрінің атауы Наименование вида экономической деятельности | ЭҚЖЖ бойынша код ¹ Код по ОКЭД ¹ | Есепті кезеңде өндірілген өнім, өткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге Объем произведенной продукции, реализованных товаров и оказанных услуг за отчетный период, тысяч тенге |
|----------------|--|---|--|
| А | В | 1 | 2 |

| | | | | |
|---|--|--|--|--|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |

Ескертпе:

Примечание:

¹ ЭҚЖЖ бойынша кодi - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан " Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне" сәйкес толтырылады

¹ код по ОКЭД - заполняется согласно "Общему классификатору видов экономической деятельности", размещенному на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан в разделе " Классификаторы"

| Р/с № № п/п | Экономикалық қызмет түрінің атауы Наименование вида экономической деятельности | ЭҚЖЖ бойынша кодi Код по ОКЭДi | Есепті кезеңде өндірілген өнім, өткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге Объем произведенной продукции, реализованных товаров и оказанных услуг за отчетный период, тысяч тенге |
|----------------|---|-----------------------------------|---|
| 4 | | | |
| 5 | | | |
| 6 | | | |
| 7 | | | |

4. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время,затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

| | | | | | |
|-----------------|-----|-----|-----|------|-------------------|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
| до 1 часа | | | | | более 40 часов |

Атауы
Наименование _____

Мекенжайы (респонденттің)
Адрес (респондента) _____

Телефоны (_____
респонденттің)

Телефон (стационарлық
респондента) стационарный

ұялы
мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

| | | |
|---|--|---|
| Орындаушы | _____ | _____ |
| Исполнит ель | тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | колы, телефоны (орындаушының) подпись, телефон (исполнителя) |
| Бас бухгалтер немесе оның атқарушы тұлға | _____ | _____ |
| Главный бухгалтер или исполняющее его обязанности | лицо, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | колы подпись |
| Басшы немесе оның атқарушы тұлға | _____ | _____ |
| Руководитель или исполняющее его обязанности | лицо, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) | колы подпись |

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтардағы
№ 8 бұйрығына
4-қосымша

"Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп" (индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

кәсіпорын қызметінің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын қызметтің басқа кез келген түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

қосалқы қызмет түрі – негізгіден басқа үшінші тұлғалар үшін өнімді (тауарлар мен қызметтер) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі.

3. Тізімдік саны бойынша деректерді толтырғанда, жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар (төлемақысыз және қандай да бір шартты жасаусыз орындалған жұмысты білдіреді) ескеріледі.

Тізімдік санға:

1) қызметкерлер:

бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, сондай-ақ шетелдік жұмыс күші – жұмыс беруші республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін елден тысқары жалдаған шетелдіктер және азаматтығы жоқ азаматтар;

жұмысты вахталық әдіспен орындау үшін жіберілгендер;

толық емес жұмыс уақытына жұмысқа қабылданғандар;

қысқартылған жұмыс уақыты бойынша қабылданғандар (он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер; ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер; бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар);

шетелде қысқа мерзімді қызметтік іссапарларда жүрген қызметкерлерді қоса алғанда, аталған ұйымда жалақысын сақтай отырып, іссапарларда жүргендер;

егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса, ұйымнан тыс жерлерде уақытша жұмыс істейтіндер (жүктелім бойынша);

егер олардың жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша сақталмайтын болса, басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша тартылғандар;

егер олар штаттық лауазымға қабылданған болса, жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторлары жұмысқа тартқан жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімінің студенттері;

қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында жұмысқа сынақ мерзімімен қабылданғандар. Аталған қызметкерлер тізімдік санға еңбек шартының әрекет етуінен бастап енгізіледі;

уақытша жұмыста жоқ қызметкерлердің (науқастануы, оқу демалысы, жүктілігі және босануы бойынша демалыс, бала күтімі бойынша демалыста болуы, мерзімді әскери қызметті өтеуіне байланысты) орнына қабылданғандар;

ұйыммен жұмысты үйінде (үйде жұмыс істейтін қызметкерлер) жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасағандар қосылады.

Өз материалдарымен және өзінің немесе жұмыс беруші бөліп беретін не жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарды, құрал-саймандар мен тетіктерді пайдалана отырып, жұмыс берушімен жұмысты үйде жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасасқан адамдар жұмысты үйде істейтін қызметкерлер деп есептеледі.

Қызметкерлердің тізімдік санында жұмысты үйде істейтін қызметкерлер әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есепке алынады.

2) қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар қосылады (жалақы есептелетін және есептелмейтін).

Тізімдік санда қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есепке алынады.

Сондай-ақ, келесі себептер бойынша ұйымда уақытша болмаған қызметкерлер де тізімдік санға қосылады:

1) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысында жүргендер;

2) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған қызметкерлерді қоса, себепсіз жұмысқа шықпағандар;

3) білім беру ұйымдарында оқып жүргендер және жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер, сонымен қатар білім беру ұйымдарына түсу үшін түсу емтиханын тапсыратын қызметкерлер және қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағылар;

4) демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін қосымша демалыс күнін алғандар;

5) егер олардың жалақысы сақталатын болса, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарына жұмыстан босатылып жіберілгендер;

6) жалақыны толық немесе жартылай сақтаумен сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, лабораториялық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін оқу демалысында жүргендер;

7) жүктілігі және босануы бойынша, жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуға байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстарда жүргендер;

8) қызметкерлер өкілдерімен келісу бойынша қабылданған, жұмыс берушінің актілерімен бекітілген ауысымдық графиктеріне сәйкес демалыс күндері барлар;

9) қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақы сақталмайтын демалыста жүргендер;

10) науқастануына байланысты жұмысқа келмегендер (уақытша еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес жұмысқа оралғанға дейін науқастанған бүкіл кезеңі ішінде немесе мүгедектікке шыққанға дейін);

11) өндірістің бос тұруына байланысты орнында болмағандар;

12) сот үкімі шыққанға дейін тергеуде жатқандар;

13) ұзақ мерзімді қызметтік іссапарға жіберілгендер, оның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында жіберілгендер;

14) шақыру бойынша әскери қызметті өткеріп жатқандар және әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша дайындықта жүргендер;

15) жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс үшін тартылғандар қосылады.

Тізімдік санға мыналар енгізілмейді:

1) қызметкерлер:

басқа ұйымдардан қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған;

егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталмайтын болса, басқа ұйымға уақытша жұмысқа жіберілген қызметкерлер.

Қоса атқарушылық бойынша жұмысты орындайтын қызметкерлерге негізгі жұмыс уақытынан бос уақытында еңбек шартының талаптарында тұрақты ақы төленетін басқа жұмысты орындайтын адамдар жатады.

Ұйымда еңбек қатынастарында тұрған (негізі жұмыс орны бойынша) немесе екі, бір жарым мөлшерлемесі бар қоса атқарушылық бойынша жұмысты атқаратын қызметкер осы ұйым қызметкерлерінің тізімдік санында бір адам (бүтін бірлік) ретінде есепке алынады.

2) адамдар:

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысты орындаушылар;

Жұмысты азаматтық-құқықтық шарттар бойынша орындайтын адамдарға ұйымның ішкі еңбек тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгіленген нақты жұмыс көлемін (бір жолғы, арнаулы шаруашылық) орындау уақытына ғана шарт бойынша қабылданғандар жатады.

Есепті кезеңнің басына (соңына) қызметкерлердің тізімдік саны есепті кезеңнің белгілі бір күніне сол күні қабылданғандарды қоса алғанда және кеткен қызметкерлерді қоспағанда айдың бірінші немесе соңғы күнінде ұйымның тізімдік құрамындағы қызметкерлер санының көрсеткіші болып табылады.

Белгілі бір кезең үшін орташа албандақызметкерлердің тізімдік санын анықтау үшін жұмыс берушінің актілері (қабылдау, қызметкерлерді басқа жұмысқа ауыстыру және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар, өкімдер) негізінде нақтыланатын тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының күн сайынғы есебі жүргізіледі. Тізімдік құрамдағы қызметкерлердің әр күнгі саны қызметкерлердің жұмыс уақытын пайдалануын есепке алу табелінің деректеріне сәйкес болуы тиіс.

Ұйымда толық ай жұмыс істеген, сондай-ақ орташа алғанда есепті айда толық ай жұмыс істемеген қызметкерлердің тізімдік саны (жанадан құрылған, таратылған, өндірістің маусымдық сипаты бар ұйымдардағы), қызметкерлердің орташа тізімдік

санын мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, есепті айдың әрбір күнтізбелік күніне қосу және алынған соманы есепті айдағы күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Демалыс немесе мереке күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны соның алдыңғы жұмыс күнгі қызметкерлердің тізімдік санына тең деп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мерекелік күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны сол демалыс немесе мерекелік күндердің алдындағы жұмыс күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер санымен тең етіп алынады.

Бір тоқсанға орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосу және алынған соманы үшке бөлу арқылы анықталады.

Жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі жұмыс істеген барлық өткен айлардағы қызметкерлердің тізімдік санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішіндегі айлардың санына алынған қосындыны бөлу арқылы анықталады.

Бір жылға орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны есепті жылдың барлық айларына орташа алғандағы қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған соманы он екіге бөлу арқылы анықталады.

Егер ұйым толық бір жыл істемесе (маусымдық сипаттағы жұмыс немесе есепті жылдың қаңтарынан кейін құрылған), онда жыл үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосып, алынған соманы он екіге бөлу арқылы анықталады.

4. 1-бөлімде орташа алғанда есепті кезеңдегі қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі, ол есепті жылдың барлық айлары үшін орташа алғандағы қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған қосындыны тоғызға бөлу арқылы анықталады. Егер заңды тұлғада құрылымдық және (немесе) оқшауланған бөлімшелері бар болған жағдайда қызметкерлердің тізімдік саны тек қана заңды тұлға (бас) бойынша есептелінеді.

5. 2-бөлімде есепті кезеңде экономикалық қызмет түрін жүзеге асыру туралы ақпарат көрсетіледі.

6. 3-бөлімде егер кәсіпорын қандай да бір экономикалық қызметті (өндірілген (өткізілген) тауар және (немесе) қызметтерді көрсету) жүзеге асырған болса, онда кесте толтырылады:

В бағанында кәсіпорындардың экономикалық қызмет түрінің атауы көрсетіледі;

1-бағанда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) коды көрсетіледі;

2-бағанда өндірілген өнім, өткізілген тауар мен көрсетілген қызметтердің

көлемі көрсетіледі.

Өткізілген өнім, өткізілген тауар және көрсетілген қызметтердің (қайта сату үшін сатып алынған тауарлардың құнын, қосылған құн салығын есепке алмай, акцизсіз), кәсіпорынның ішінде пайдаланылған өнім, тауар және көрсетілген қызмет көлемін, қоймалардағы және сатуға арналған дайын өнім қорының өзгеруін, аяқталмаған өндірістің және құрылыстың қалдықтарының өсуін (азаюын) қосындылаумен анықталады:

өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі – бұл басқа тарапқа өткізуге арналған, кәсіпорындар өзі шығарған барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны. Қосылған құнға салықсыз, акциздерсіз және зауытшілік айналымсыз, аяқталмаған өндіріссіз және алыс-беріс шикізатынсыз есептеледі;

құрылыс жұмыстарының көлемі жаңа объектілер құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды және инженерлік имараттарды қайта жаңарту, жаңғырту кезінде барлық қаржыландыру көздері есебінен бас, тікелей және қосалқы мердігерлік шарттар бойынша орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары, сондай-ақ өзге де мердігерлік жұмыстар құнын қамтиды;

сауда қызметімен айналысатын кәсіпорындар үшін өндірілген өнімнің және көрсетілген қызметтің көлемі тауарларды өткізуден түскен табыс пен тауарларды сатып алуға жұмсалған шығыстардың арасындағы айырмашылық болып табылады. Сатып алынған тауарлардың құнына тең немесе төмен бағада тауарлар өткізгенде сауда қызметі бойынша өндірілген өнімнің және көрсетілген қызметтің көлемі айналым шығындарының шамасына тең болады;

қаржы делдалдығының (микроқаржылық ұйымдар (микрокредиттік ұйымдар, кредиттік серіктестіктер), ломбардтар, басқалар) өндірілген өнімі мен көрсетілген қызметтерінің көлемі қаржы делдалдары алған меншіктен түскен табыстар (өзінің жеке қаражаттарын инвестициялаудан алған таза табыстан басқа) мен кредиторларға төленген пайыздар арасындағы айырма ретіндегі жанама жолмен анықталатын қызметтің құны болып табылады;

бір реттік, біржолғы экономикалық қызмет түрлерін орындаған кезде, кестеде экономикалық қызмет түрі көрсетілмейді.

7. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттер кабинеті" арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының

2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
6-қосымша

"Өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы" (индексі КП-001, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
8-қосымша

"Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы" (индексі КС-001, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
10-қосымша

"Құрылыс ұйымдарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы" (индексі КС-002, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 10-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 23 қаңтары
№ 8 бұйрығына
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымша алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.08.2022 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
